

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Заң факультеті

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,  
конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасы

АО 3221 - Әкімшілік жауаптылық

«6В04205 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ


Алматы 2024

Қорытынды емтихан бағдарламасын құрастырған – з.ғ.к., доцент Исабеков А.Қ.  
6B04205 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы оқу жұмыс жоспарының негізінде  
әзірленді.

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік  
құқығы кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

«11» 06. 2024 ж. № 21 Хаттама

Кафедра меңгерушісі



Усеинова К.Р.



Оқыту және білім беру сапасы бойынша Академиялық комитеттің  
төрайымы

«20» 06. 2024 ж.

№ 10 Хаттама


Урисбаева А.А.

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды

«25» 06. 2024 ж.

№ 21 Хаттама

Ғалым хатшы



Атаханова Г.М.

## **Кіріспе**

«6B04205 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың білім алу бағдарламасын игеру ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. Емтихан – қорытынды бақылауға бакалаврдың оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, пән бойынша білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және оқу жұмыс жоспарында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушыға осы кезеңдегі қорытынды бақылауды қайта тапсыруға тек ақылы түрде кредит төлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Апелляция беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушы бұйрығымен қайтадан оқуға тіркеледі, егер емтиханнан 25 балл алса онда қайта тапсыру FX қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды.

Бағаны көтермелеу мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Жазбаша offline емтихан білім алушыларға пәнді оқу барысында меңгерген оқу нәтижелерін, дағдылары мен құзыреттіліктерін, өз ойларын дауыстап логикалық түрде жеткізе білу, өз көзқарасын дәлелдей білу қабілетін көрсетуге мүмкіндік береді. Билеттегі сұрақтар саны – 3. Билеттің әрбір сұрағы үшін бағалау критериялды бағалау рубрикаторы бойынша жүзеге асырылады.

## **Емтихан сұрақтарын қамтитын тақырыптар**

### **1. Әкімшілік құқығының түсінігі, пәні мен әдісі.**

Әкімшілік құқықтың саласы ретінде және ғылым ретінде мемлекеттік басқарудың белгілері мен қағидалары. Әкімшілік құқықтың пәні, әдісі, жүйесі, қағидалары және қайнар көздері. Әкімшілік құқықтың ұлттық құқық жүйесінде алатын орны.

### **2. Әкімшілік құқықтық нормалар және құқықтық қатынастар.**

Әкімшілік құқықтық нормалардың түсінігі, түрлері. Әкімшілік құқық нормаларының ресми түсіндіру актілері және қолдану актілері. Әкімшілік құқықтық қатынастар түсінігі, белгілері, элементтері және түрлері.

### **3. Әкімшілік құқық бұзушылық**

Әкімшілік құқық бұзушылықтың түсінігі және белгілері. Әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы: Әкімшілік құқық бұзушылықтың объектісі. Әкімшілік құқық бұзушылықтың объективтік жағы. Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектісі. Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъективтік жағы.

### **4. Әкімшілік жауаптылықтың ұғымы.**

Әкімшілік жауаптылықтың ұғымы және белгілері. Әкімшілік жауаптылықтың қағидалары және негіздемелері. Әкімшілік жауаптылықтың болмауы және одан босату. Әкімшілік жауаптылықтан босатудың негіздемелері.

### **5. Әкімшілік жазалар**

Әкімшілік жазалардың ұғымы. Әкімшілік жазалардың мақсаттары. Әкімшілік жазалардың түрлері. Әкімшілік жазаларды қолданудың жалпы ережелері. Әкімшілік жазадан және жауаптылықтан босату мерзімдері. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жазаны және жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән жайлар.

## **6. Әкімшілік мәжбүрлеу.**

Әкімшілік мәжбүрлеудің түсінігі және белгілері. Әкімшілік мәжбүрлеудің шаралары. Әкімшілік алдын алу шаралары. Әкімшілік тоқтату шаралары. Әкімшілік-процесуалдық мәжбүрлеу шаралары. Әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолданудың тәртібі.

## **7. Әкімшілік құқық субъектілері ретінде жеке тұлғалар.**

Азамат. Азаматтардың әкімшілік- құқықтық мәртебесінің қағидалары. Азаматтық. Азаматтардың әкімшілік құқық қабілеттілігі. Азаматтардың әкімшілік әрекет қабілеттілігі. Мемлекеттік басқарудағы азаматтардың негізгі құқықтары мен түрлері және кепілдіктері. Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ азаматтардың әкімшілік- құқықтық мәртебесі. Азаматтардың өтініштерінің түрлері.

## **8. Әкімшілік құқықтың субъектілері ретінде заңды тұлғалар. Қоғамдық және діни бірлестіктер.**

Қоғамдық бірлестіктердің түсінігі, түрлері және қағидалары. Қоғамдық бірлестіктердің ұйымдық- құқықтық нысандары. Қоғамдық бірлестіктердің құқықтары мен міндеттері. Діни бірлестіктердің түсінігі және белгілері. Діни бірлестіктердің нысандары және түрлері.

## **9. Әкімшілік құқықтың субъектілері ретінде заңды тұлғалар. Кәсіпорындар және коммерциялық емес ұйымдар.**

Кәсіпорындардың түсінігі және белгілері. Кәсіпорындардың түрлері. Республикалық және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар. Кәсіпорынның құқық субъектілігі. Кәсіпорынды мемлекеттік тіркеу және тоқтату. Комерциялық емес ұйымдардың түсінігі, нысандары, бірлестігі және әкімшілік- құқықтық мәртебесі.

## **10. Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет.**

Мемлекеттік қызмет. Мемлекеттік лауазым. Мемлекеттік қызметшілердің лауазымын топтастыру. Мемлекеттік қызметтің қағидалары. Біліктілік талаптары. Мемлекеттік қызметшілердің әкімшілік- құқықтық мәртебесі, құқықтары және міндеттері. Мемлекеттік қызметке кіру, қабылдау, ауыстыру және тоқтату. Мемлекеттік қызметшілердің жауаптылығы.

## **11. Әкімшілік құқықтық режимдер.**

Әкімшілік құқықтық режимдердің түсінігі және түрлері. Әкімшілік құқықтық режимдерді жүзеге асыратын органдар. Әкімшілік құқықтық режимдерді енгізудің тәртібі. Төтенше жағдайларды енгізудің режимдері. Әскери жағдайларды енгізудің режимдері. Мемлекеттік шекара режимдері. Мемлекеттік шекараны қорғау.

## **12. Атқарушы билік органдары.**

Атқарушы билік органдарының түсінігі және белгілері. Атқарушы билік органдарының түрлері. Атқарушы билік органдарының қызметі мен жүйесінің қағидалары. Қазақстан Республикасының Үкіметі. Министрліктер. Агенттіктер. Департаменттер. Комитеттер. Комиссиялар. Ведомствалар. Жергілікті атқару органдары.

## **13. Мемлекеттік басқару әдістері және нысандары.**

Мемлекеттік басқару нысандарының түсінігі және түрлері. Құқық шығару. Құқық қолдану. Әкімшілік шарт. Әкімшілік шарттың түрлері. Басқарудың құқықтық әдістері, актілері және түрлері. Басқарудың құқықтық әдістеріне қойылатын талаптар.

#### **14.Әкімшілік іс жүргізу.**

Әкімшілік іс жүргізу. Әкімшілік іс жүргізу қағидалары. Әкімшілік іс жүргізуге қатысушылар. Әкімшілік іс жүргізудің құрылымы. Әкімшілік іс жүргізудің сатылары.

#### **15.Әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша іс жүргізу (өндіріс).**

Әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша іс жүргізудің ұғымы және өндірістің міндеттері. Әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша іс жүргізуді болдырмайтын мән жайлар. Әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша іс жүргізуге қатысушылар: жауапкер, жәбірленуші, заңды өкілдер, қорғаушы, куә, куәгер, маман, сарапшы, аудармашы, прокурор. Әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша іс жүргізу сатылары: әкімшілік тергеу, істі қарау, қайта қарау, келтірілген зиянды өтеу және әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылардың орындалуы.

### **Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық:**

Жазбаша емтиханды тапсыру процесі оқытушының «Univer» ақпараттық жүйесіне енгізілген емтихан сұрақтарының негізінде автоматты түрде жасақталу арқылы жүреді.

2. **Маңызды** – емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі, ол туралы алдын ала оқытушылар мен студенттерге мәлім болуы керек.

3. Жасақталған 3 сұрақтан тұратын емтихан билетіне жауап беру үшін әрбір білім алушыға 120 минут уақыт беріледі.

4. Студенттер емтиханға кешікпей келуі керек.

5. Off-line режимде өтетін емтихан басталуға 15 минут қалғанда кезекші оқытушы білім алушыларды отырғызады. Отыратын орындары көрсетілген келу парақтары толтырылады.

6. Кезекші оқытушы Off-line режимде өтетін емтиханға келген білім алушыны жеке куәлігі бойынша тексереді.

7. Емтиханға өзімен бірге шпаргалка, ұялы телефон, смарт-сағаттар және т.б. техникалық құрылғылар мен өзге де рұқсат етілмеген ақпарат алу құралдарын алып кіруге немесе пайдалануға, өзге білім алушылармен не бөгде адаммен сөйлесуге, біреудің ТАӘ немесе басқа да жеке басын куәландыратын жауап парақтарын көшіруге тиым салынады.

8. Аталған жағдайлар орын алғанда хаттама толтырыла отырып, тәртіпті бұзушыға осы пән бойынша «F» (қанағаттанарлықсыз) бағасы қойылады. Акті шағымдануға және апелляциялық тәртіпте қарауға жатпайды.

9. Емтихан үшін «FX» (25-49) бағасын алған жағдайда, сессия аяқталғаннан кейін «Incomplete» кезеңінде емтиханды ақылы негізде қайта тапсыруға болады. «FX» бағасымен емтиханды қайта тапсыруға тек бір рет рұқсат етіледі.

### **Бағалау саясаты**

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің (мақсатпен көрсетілген оқыту нәтижелерінің) қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиторияда жұмыс белсенділігін және қатысуын бағалау; орындалған тапсырманы, СӨЖ-ді (жоба / кейс / бағдарлама/...) бағалау. Қорытынды бағаны есептеу формуласы ұсынылады.

Пән бойынша қорытынды баға мына формула бойынша есептеледі:

$$\frac{AB1+AB2}{2} \times 0,6 + ҚБ \times 0,4$$
 бұл жерде AB – аралық бақылау; ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

### Қорытынды бақылауды бағалау критерилерінің рубрикаторы

Пән: «Әкімшілік жауаптылық»

Форма: жазбаша (офлайн).

Платформа: Univer АЖ

№	Балл	ДИСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		27-33 балл	20-26 балл	14-19 балл	7-13 балл	0-6 балл
1 сұрақ	Критерий	«Өте жақсы» деген баға сұрақ жан-жақты ашылған, әрбір қорытынды мен мәлімдеменің егжей-тегжейлі дәлелі бар, логикалық және дәйекті түрде құрастырылған, аудиториялық сабақ тақырыптарындағы мысалдармен дәлелденген, пәннің проблемалық құбылыстарының себептері көрсетілген және оларды шешудің толық сипаттамасы бар жауап үшін қойылады.	«Жақсы» деген баға мәселенің толық, бірақ жан-жақты қамтылмаған, негізгі ойлардың қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды баяндау логикасы мен реттілігіне жол берілген жауапқа қойылады. Жауапта стилистикалық қателер мен терминдердің дұрыс емес қолданылуы бар, оларда көптеген мәселелердің көрінісі бар, бірақ материалды баяндау реттілігін бұзуға жол беріледі.	«Қанағаттанарлық» баға билетте ұсынылған сұрақтарды толық қамтымаған, негізгі ойларды үстірт дәлелдейтін, баяндаудағы композициялық теңгерімсіздіктерге, материалды баяндауда логика мен жүйеліліктің бұзылуына жол берілген, проблемалық құбылыстардың себептерін үстірт сипаттайтын, аудиториялық сабақ жазбалары мысалдарымен теориялық принциптерді көрсетпейтін, мысалдары жоқ және проблемалық жағдайларды шешу жолдарын ұсынуда логика бұзылған жауаптар	«Қанағаттанарлықсыз» баға қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымаған, қате дәлелдеуге, деректі және жазбаша қателерге жол берген, дұрыс емес қорытындыны болжаған жауаптар үшін қойылады. Қойылған мәселелерді дұрыс көрсетпеу, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны қабылдау т.б. жол беріледі.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды, концепцияларды білмеу; қорытынды бақылауды жүргізу ережелерін бұзу.

				үшін қойылады.		
<b>2</b> сұрақ	<b>Практиканы қолдану және теориялық білімді пайдалану</b>	<b>27-33 балл</b>	<b>20-26 балл</b>	<b>14-19 балл</b>	<b>7-13 балл</b>	<b>0-6 балл</b>
		Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу;	Оқу тапсырмасын жартылай орындау, курстың практикалық мәселелерін толық емес шешумен қойылған сұраққа толық емес, кейде дәлелді жауап беру; курста ғылыми тілдік нормаларды сауатсыз қолдану	Материал үзінділермен берілген, логикалық жүйелілік бұзылған, фактологиялық және мағыналық дәлсіздіктерге жол берілген, курс бойынша теориялық білім үстірт пайдаланылады.	Жеткілікті ойластырылмаған жауап беру, тапсырмаларды шеше алмау	Тапсырмаларды шешу үшін білімді қолдана алмау, Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу
<b>3</b> сұрақ	<b>Мәселені шешу. Практикалық ұсыныстар</b>	<b>27-34 балл</b>	<b>20-26 балл</b>	<b>14-19 балл</b>	<b>7-13 балл</b>	<b>0-7 балл</b>
		Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістемені дұрыс негіздеу, ғылыми тіл нормаларын сақтау	Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістемені негіздеуде дәлсіздікке жол беру, ғылыми тіл нормаларын сақтау	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз	Тапсырманы өрескел қателіктермен орындау, сұрақтарға жауап бермеу	Тапсырма орындалмаған, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу

### Ұсынылатын әдебиеттер:

#### Негізгі:

1.Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі, 2014 жыл 10 маусымда қабылданған.

2.Исабеков А.Қ.,Құсайынов Д.Ө Әкімшілік құқық.Оқу құралы. Алматы,Қазақ университеті,2013.

3. Таранов А.А. Әкімшілік құқық. Академиялық курс. Жалпы бөлім,Ерекше бөлім.

4. Қунхожаева Г.Н. , Қ. Ұ. Жылқыбай Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы : оқу құралы; - Алматы : NURPRESS, 2013.

5. Жатқанбаева А.Е. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша ҚР-ның заңнамасы. А., 2003.

6. Григорьев В.И. , Қ. У. Тоқтабаева Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы (жалпы бөлім,ерекше бөлім) : оқу құралы ; - Астана : Фолиант, 2011.

7.ЖетписбаевБ.А.,Исабеков А.Қ.,Рахметов Е.Ш. Производство по делам об административных правонарушениях в Республике Казахстана. Учебное пособие. Nurpress,Алматы,2013.

#### Қосымша:

1.Жетписбаев Б.А., Административно -правовое принуждение в РК. Учебное пособие. Nurpress, Алматы,2013.

2. Оспанова Д.А., Кусайнов Д.О. Административное право РК. (Учебное пособие) «Қазақ университеті»,Алматы 2017.

#### Интернет-ресурстар :

Пән бойынша қосымша оқу материалы, сондай-ақ деректер базалар жүйесі үшін құжаттама, үй тапсырмасын, жобаларды орындау үшін пайдаланылатын, univer.kaznu.kz сайтының бетіндегі ПОӘК бөлімінде қол жетімді болады. <http://www.adilet.zan.kz>